

2-Кезең Ішкі Талдау Актісі (Қайта Тексеру)

Мекеме атауы: «Қарасаз» бөбекжай-бақшасы

Талдау кезеңі: 2-кезең (мамыр айы)

Жауапты тұлға: Комплаенс қызметінің маманы Сембиева М.

Талдау жүргізілген күні: «30» мамыр 2025 ж.

1. Талдау мақсаты

1-кезеңдегі бақылау нәтижелері бойынша енгізілген ұсыныстар мен ескертулердің орындалу деңгейін анықтау, қайталап тексеру арқылы ішкі тәртіп пен қауіпсіздік нормаларын жетілдіру.

2. Қайта тексеру нысандары

- Жаңартылған лауазымдық нұсқаулықтар;
- Қауіпсіздік техникасы журналы;
- Этикалық кодекс және нұсқама;
- Асхана және ойын алаңы;
- Қызметкерлердің жеке жауапкершілігі.

3. Талдау нәтижелері мен салыстыру

№	Бақылау нысаны	1-кезең қорытындысы	2-кезең нәтижесі	Ескерту/Ұсыныс
1	Лауазымдық нұсқаулықтар	Ескірген, жаңарту ұсынылған	Жаңартылды, танысу парақтары бар	Орындалған
2	Қауіпсіздік техникасы журналы	Жүргізілмеген немесе жүйесіз	Жүйелі жүргізілуде	Бақылау жалғассын
3	Этикалық кодекс	Жаңартылмаған	Жаңартылып, нұсқама берілді	Орындалған
4	Асхана тазалығы	Қанағаттанарлық	Тазалық жақсарған,	Жақсы нәтижеге жеткен

			журнал енгізілген	
5	Ойын алаңы	Сырғанақ бүлінген, құм ауыстырылмаған	Сырғанақ жөнделген, құм ауыстырылған	Орындалған

4. Қорытынды және ұсынымдар

Қайта тексеру нәтижесі бойынша 1-кезеңде берілген ұсыныстардың көбі орындалған. Мекеме комплаенс талаптарына барынша бейімделуде. Қызметкерлер арасында жауапкершілік артып, ішкі құжат айналымы жүйелене түскен.

Ұсыныстар:

- Тұрақты бақылау кестесін енгізу;
- Этикалық кодекстің талаптарын жыл сайын қайта қарап отыру;
- Қауіпсіздік журналдарының үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ету.

Актіні жасаған: Сембиева М. (Комплаенс маманы)

Қолы: 

Күні: «30» мамыр 2025 ж.